

**Ж.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

**«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы**

# **КУРСТЫҚ ЖҰМЫС**

**Тақырыбы:**


**«Бастауыш сыныптарда қазақ тіліндегі  
жалғауларды оқытудың тиімді жолдары»**

**Дайындаған: А.Б.Әлімбаева  
4с КШО тобының студенті  
Жетекшісі: Б.М.Каримова**




## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
бет	
I – тарау Бастауыш сыныптарда қазақ тіліндегі жалғауларды оқытудың тиімді жолдары.....бет	1.1.
Бастауыш сыныпта жалғаулардың оқытылу жолдары.....	бет
1.2 Қазақ мектептерінде жалғауларды оқыту принциптері.....	4-8бет
1.3 Жіктік және көптік жалғаулардың ерекшеліктері мен жіктелуі, тәуелдік және септік жалғауларының жіктелу формалары.....	
II - тарау Мектепте жалғаулы сөздерді оқытудың тиімді жолдары	
2.1 Жалғауларды оқытуға арналған тиімді жаттығулар мен тапсырмалар.....	14-196
ет	
2.2 Қазақ тілі сабағында жалғаулардың түрлерін меңгерту жолдары.....	
2.3 Эксперименттік жұмыстың нәтижесі.....	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	
Қосымша	



# КІРІСПЕ



**Тақырыптың өзектілігі:** Бастауыш сыныптарда қазақ тіліндегі жалғауларды оқытудың тиімді жолдары тақырыбы өзекті мәселелердің бірі, себебі жалғаулар арқылы сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, сөйлеуге дағдыланады. Ауызша тілін арқылы көпшілік алдында сөз сөйлеп, өзінің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіреді.




**Зерттелетін объекті:** Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі.



**Зерттеу пәні:** Бастауыш сыныптарда қазақ тіліндегі жалғауларды оқытудың тиімді жолдары.




**Зерттеу жұмыстың мақсаты:** оқыту үрдісінде оқушыларға жалғаулардың түрлерін үйрете отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау қызметін меңгерте отырып, тілдік материалға деген қызығушылықтарын арттыру.



**Зерттеу жұмыстың міндеттері:** 1. Ғылыми зерттеу көздеріне сүйене отырып, тақырыптың теориялық сипатын ашу. 2. Оқушыларға жалғау тақырыбы бойынша берілетін білім көлемін анықтау. 3. Оқытуда қамтылатын инновациялық технология түрлерін саралау.



**Зерттеу жұмыстың ғылыми болжамы:** егер оқыту барысында жалғауардың қызметін оқытуда берілетін білім түрлері логикалық жүйемен үздіксіз дамытылып отырса, оқушының білімі мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру ұтымды әдістер мен ұстанымдар негізінде жүргізілсе, оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігі артады.



**Зерттеу жұмысының әдістері:** Ғылыми әдебиеттермен жұмыс, бақылау, талдау жинақтау.



**Курстық жұмыстың зерттеу кезеңдері:**

1. Тақырып таңдап алу, сол бойынша іздену.
2. Бекітілген тақырыпқа байланысты материал жинақтап, жұмыстың жоспарын құру.
3. Жоспарға сәйкес курстық жұмыстың II тараудан жазу.
4. Диплом алдындағы тәжірибе жинақтау, курстық жұмыстың практикалық бөлімін жазып, жұмысты аяқтау және қорғау.

# 1.1.Бастауыш сыныпта жалғаулардың оқытылу жолдары

Оқушылар ең алғаш жалғау тақырыбын екінші сыныпта танысады. Сыныпта жалғау тақырыбына 4 сағат берілген. Бірінші сағатында жалғау дегеніміз не? ережесімен танысады.



Сөздің мағынасын өзгертпей түбірге жалғанатын қосымшаны жалғау дейміз.



Жалғау сөз бен сөзді байланыстырады



Жалғаудың белгісі



## 2 сыныптың бірінші сағатына берілген жаттығулар:

1-жаттығу. Мақалдарды жатқа жаз. Қарамен жазылған сөздердің түбірі мен қосымшасын тап. Қандай айырмашылығы бар?

Ағаның үйі – ақ жайлау.

Ағаны көріп іні өсер.

2-жаттығу. Берілген сөздердің түбірі мен жалғауын тауып, белгіле.

Тоғайда, жұлдыздар, алманы, сәбізде, ағаштың, арыстанмен.

3-жаттығу. Сөздерге тиісті жалғауларды қосып, сөйлем құрастырып жаз. 1. Айгүл, іні, мектеп, бар.

2. Гүлшат, аға, жарыс, қатыс.

3. Болат, әке, Астана, кел.

4-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін тап. –

Күндіз тыным бермейді,

Түнде көзі көрмейді,

Көкке қарап су ішіп,

Жерге қарап жем жейді.

Қанаты бар ұшпайды,

Талға қонып ұйықтайды.

Төбесіндегі айдары,

Қызыл бантиктен аумайды.

Бұл не?.. Айтшы тауып, - Бұл кәдімгі ... .

Қарамен жазылған сөздерді теріп жаз, түбірі мен жалғауын белгіле.

5-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы. Дайын ас.

Суда балықтар үйірімен жүр.  
Шоршып су бетіне де шығады.

Алабұғаның шабағы биікке секіреді. Жоғары көтеріледі. Кенет су жағасындағы топыраққа шығып кетті. Денесін шаң басты.

Суға жете алмады. Сол кезде шағала келіп, дайын асты іліп әкетті. Жалғауы бар сөздерді тауып, көшіріп жаз.

# 2 сыныптың екінші, үшінші сағаттарына берілген жаттығулар:

1-жаттығу. Өшірілген жағдайларды тауып жаз.

2-жаттығу. Мәтінді оқы.

3-жаттығу. Ойынша мәтін құрастыр.

4-жаттығу. Мақалаларды көшіріп жаз.

5-жаттығу. Жаңылтпашты оқы.

1-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

2-жаттығу. Көп сөйлем жаз.

3-жаттығу. -нын, -дын, -дін, -нүктенін орнына жалғаула-рын жалғап сөйлем құр

4-жаттығу. Берілген сөздерге жалғау жалғап сөйлем жаз

5-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы



## 2 сыныптың төртінші сағатында жұрнақ пен жалғауды біріктіріп жатыңулар берілген.



3сыныпта Зат есімнің тәуелденуіне 4 сағат берілген.

4 сыныпта Зат есімнің септелуіне 1 сағат берілген.

Атау септікке 2 сағат  
Ілік септікке 2 сағат  
Барыс септікке 2 сағат  
Табыс септікке 2 сағат  
Жатыс септікке 2 сағат  
Шығыс септікке 2 сағат  
Көмектес септікке 2 сағат

Тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі 1 сағат

Зат есімнің жіктелуі 2 сағат

Етістіктің жіктелуі 2 сағат

## Қазақ тілін оқытудың ғылыми жолдарының саралануы

Қазақ тілінің төл оқулығын ана тілінде алғаш рет жазып, оның әуелгі терминологиясын қалыптастырған айтулы ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлына дейін жазылған қазақ тілі туралы бірлі-жарым орыс тіліндегі оқу құралдары болғанымен, қазақ тілінде бұл мәселе көтерілмеген еді. Қазақ тілінің грамматикасына тыңнан түрен салған, оның барлық салалары бойынша алғашқы терминдерін жасап, негізгі жүйесін қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлы болды.



Ахмет Байтұрсынұлының қосымшаны жалғау және жұрнақ деп бөлуінің грамматикалық жағынан ғана емес, танымдық түсінік туғызуы мен терминдегі халықтық сипатты танытуда да үлкен маңызы бар. Қосымша сөзін таңдап алуының да осындай өзгеше ерекшелігі бар деп есептейміз. Қосымша сөзінің атау ретінде беретін мағынасы мен термин ретінде беретін мағыналарының негіздемесі (мотивациясы) жақын. Негізгі мағыналары ортақ болғандықтан, қосымша терминін естігенде әңгіменің жалпы не туралы болатыны туралы тыңдаушыда белгілі дәрежеде алдын ала түсінік қалыптасады.

Ахмет Байтұрсынұлы салған ізбен қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздерін зерделеу саласында **Т.Шонанов, Ш.Х.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев** сынды ғалымдар еңбек етті. Бұлар А.Байтұрсынұлынан кейінгі әдіскер ғалымдардың алғашқы шоғыры еді. **“Әдістеме”** деп аталатын ғылымның бастауында тұрған бұл ғалымдардың еңбектері кеңінен зерделеуді, уақыт пен заман ұстанған саясат астарындағы қиын кездің өзінде тіл туралы толғамды ой айта алғандығын байыптап салмақтауды қажет етеді. Бұл кезең сондай-ақ, жазу таңбаларының үздіксіз ауысып жатуымен де ерекшеленеді. С.Жиенбаев қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты:

**“Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі”,**

**“Үлкендерге хат таныту методикасы”,**

**“Үлкендерге ана тілін оқыту методикасы”,**

**“Бастауыш мектепте кітап оқыту методикасы”,**

**“Қазақ тілінің методикасы”,**

**“Грамматикалық таблицалар”** т.б. сияқты еңбектер жазған.



**1.3. Жіктік және көптік жалғаулардың ерекшеліктері мен жіктелуі, тәуелдік және септік жалғауларының жіктелу формалары**

# Жалғау және оның түрлері

**Көптік  
жалғау**

**Тәуелдік  
жалғау**

**Жіктік  
жалғау**

**Септік  
жалғаулары**

**Көптік жалғау.** Заттың біреу емес бірнешеу (көп) екендігін білдіретін жалғау көптік жалғау дел аталады.

Зат есмдердің көптік формасы көптік жалғаулар -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер сөзге үндестік заңына бағына отырып жасалады.

**Тәуелдік жалғау.** Тәуелдік жалғау бір заттың екінші бір затқа немесе біреуге (адамға) тәуелді, меншікті екенін бідіреді. Тәуелденетін сөз үш жақтың біріне тәуелдене, меншіктене айтылады.

Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады.

**Септік жалғау.** Сөздерге грамматикалық мағына үстеп, оларды бір-бірімен жалғастырып, септестіріп, байланыстырып тұратын қосымшапарды септік жалғаулары деп атайды. Тәуелденбей тұрған сөздердің септелуін жай септеу дейміз. Ал сөздердің тәуелденгеннен кейін септелуін тәуелді септеу дейміз.

**Жіктік жалғауы** – қимыл иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша, ол сөз бен сөзді жақ жағынан қиыстырып тұрады. Мысалы: Мен оқушымын. Сіз оқушысыз. Біз келеміз. Ол келеді.

**Көптік жалғауының қосымшаларын, олардың сөздерге үндестік заңының заңдылығына бой ұсына жалғанатын ерекшелігін мынадай көрнекілік арқылы түсіндіруге болады.**

дауысты	з	
р	ж	
й	л	
у	м	
	н	
	ң	
-лар, -лер	-дар, -дер	қатаң дыбыстан соң тар, - тер

**Бұл көрнекілікті түсіндіру жолы мынадай:**

Алдымен көптік жалғау деген тіркеске түсінік беріледі. Көптік жалғауы жалғанған сөзіне көптік мағына беріп, оны екінші бір сөзбен жалғастыратын болғандықтан, бұл қосымшаға берілген атау өзінің атқаратын қызметіне толық сай келіп, өзінің мазмұнының қандай екенін бірден-ақ аңғартып тұрғанын ескертеміз.

Екінші ретте, көптік жалғауының арнаулы –лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер тұлғалы жалғауының барын және бұлардың буын үндестігіне байланысты жуан, жіңішке вариантта айтылатынын, сол тұлғада жазылатынын балалар, кемелер, көлдер, кітаптар, мектептер сөздері арқылы түсіндіреміз.

Үшінші ретте, көптік жалғауының қосымшаларының басқы дыбыстарының л, д, т, дыбыстарынан басталатын септерінің сырын ашамыз. Бұл жайды мұғалім көрнекіліктегі үшкіл сызық арқылы түсіндіреді. Көптік жалғауы жалғанатын сөздердің соңы дауысты, сонор р, у, й дыбыстарының біріне аяқталса, көптік жалғауы үнді л дыбысынан басталып, -лар, -лер тұлғасында жалғанатындығын сұрақ-жауап әдісімен өздеріне жинақтатып, осы тәрізді мысалдар айтқызамыз. Міне, осындай жолмен көптік жалғауының д, т дыбыстарынан басталатын себебін түсіндіріп, мысалдарды өздеріне тапсырамыз

Осы жолмен түсіндірілген жаңа материалды оқушылардың қаншалықты дәрежеде түсінгендіктерін байқау үшін, магнитофонды пайдалана отырып, мынадай жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады:

Біріншіден, оқушыларға мынадай мазмұнда жазылған кеспе қағаздарын үлестіріп береміз:

Дауысты дыбысқа біткен екі сөз ойлап, оған көптік жалғауын жалға.

Өнерпаздар, егіншілер сөздеріндегі көптік жалғауы неліктен –дар, -лер болып тұр?

Күректер, кілемдер сөздеріндегі көптік жалғауының түрлеріне талдау жаса.

Көптік жалғауы қандай жағдайда д дыбысынан басталады, мысал келтір.

Зат есімнің тәуелдік категориясын түсіндіру көптік категориясына қарағанда, күрделі де, қиынырақ. Сондықтан тәуелдік категориясын түсіндіруде мұғалімнің үлкен шеберлігі керек. Мұны мұғалім шеберлігіне байланысты әр түрлі жолмен түсіндіруге болады. Зат есімнің тәуелдік категориясы да сөздері өзара байланысқа түсіретін категория екенін ескерте отырып, нақтылыдан нақтысызға, белгіліден белгісізге қарай үйрету, таныту әдістері арқылы баяндалады.

Мұғалім күні бұрын өзіне тән кітабын, қарындашын, дәптерін ала келуі керек. Ол күндегі әдетінше, сабақтың мазмұнын бірден ашып кетпей, ең алдымен, меншік және тәуелді деген сөздердің ұғымын оқушыларға түсіндіргені дұрыс. Оқытушы өзінің алып келген заттарын көрсете отырып, бұл заттың иесі өзі екенін, заттың басқаға емес өзіне ғана тән, меншікті екенін балалардың көру қабілеті арқылы, әрі ойландыру процесі арқылы түсіндіргені жөн. Мұнан соң заттың иесін менің, сенің, сіздің, оның деген ілік жалғаулы сөздер білдіретінін, жеке тәуелді заттар кітабым, кітабың, кітабыңыз, кітабы деген тұлғада айтылатынын айтып, тақтаға:

**Менің кітабым**

**Сенің кітабың**

**Сіздің кітабыңыз**

**Оның кітабы**

**Біздің кітаптарымыз**

**Сендердің кітаптарың**

**Сіздердің кітаптарыңыз**

**Олардың кітаптары**

Сонымен қатар, II жақта қолданылатын тәуелдік жалғауының анайы және сыпайы түрлерінің болатындығы туралы да оқушыларға көрнекі түрде салыстырып түсіндірген жөн.

анайы түрі

II жақ (сенің) қарындашың

(сенің) үйің

сыпайы түрі

(сіздің) қарындашыңыз

(сіздің) үйіңіз



## II - тарау МЕКТЕПТЕ ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

### 2.1 Жалғауларды оқытуға арналған тиімді жаттығулар мен тапсырмалар



**1-тапсырма. Септік жалғаулы сөздерді теріп жазып, олардың қайсысы қай септеудегі сөз екенін тауып, жалғауын түсіндіріңіздер.**  
Апама жездем сай. (мәтел.) Досыңа достық – қарыз іс, Дұшпаныңа әділ бол. (Абай.) Желкен жерінде көгерер, Ер елінде көгерер. (мақал.)  
4. Отанын сатқан оңбас. (мақал.)  
5. Арғын, найман жиылса, Таңырқаған сөзіме.  
6. Сырмақ қып астына Байының тоқымын, Отының басына Төрінің қоқымын Қоқсытып келтірді. (Абай.)



**2-тапсырма. Сұраққа ойланып жауап беріңіз.**  
**Көптік жалғаулардан кейін басқа жалғаулар ретімен жалғана береді, ал басқа жалғаудан соң көптік жалғауы жалғана ма? Жалғанса, қай жалғаудан соң жалғанады? Бір сөзге екі көптік, екі тәуелдік немесе екі септік, екі жіктік жалғаулары жалғана ма?**  
Жалғаулардан соң жұрнақ жалғанған сөздер ойлаңыз. Ондай сөздер көп пе? Септік жалғаулары жалғанбайтын сөздер бар ма? Мысал келтіріңіз. Қай сөз табына жұрнақ жалғанбайды? Мысал келтіріңіз. Жіктік жалғауының III жағы қай сөз таптарына жалғанбайды, қай сөз таптарына жалғанады? Бір аттас жалғаулар түбірге бірінен соң бірі жалғана ала ма? (септік- септік немесе жіктік- жіктік т.б.)



**3-тапсырма.**  
**Сөздерді септеңіз:**  
Мұнай Алтын Күміс  
Жез Көмір Табиғи  
ресурстар

**4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сіз кімнің әндерін тыңдайсыз? (қазақтың жас композиторы). Кімнің романын оқыдыңыз? (белгілі қазақ жазушысы). Кімнің мақаласын аудардыңыз? (белгілі қазақ жазушысы). Кімдердің көрмесі ашылды? (жас суретшілер). Кімнің өлеңдерін аудардыңыз (жас қазақ ақындары).

**5-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.**  
**1.** Сіздің достарыңыз қайдан келді?  
**2.** Сіздің ата-анаңыз қайдан келді?  
**3.** Сіздің ағаңыз қайдан келді?  
**4.** Сіз қайдан келесіз?  
Берілген сөздер: Астана, көкшетау, жұмыс, саябақ, министірлік, жұмыс



**Мұнан кейінгі ретте төменде көрсетілген кесте арқылы тәуелдік жалғауының арнаулы үш жағы бары, оған лайықты қосымшаларының болатыны түсіндіріледі.**

<b>Зат есімнің тәуелденуі</b>		
<b>жақ</b>	<b>жекеше</b>	<b>Көпше</b>
<b>I</b> (мен, біз)	<b>-м, -ым, -ім</b> <b>әкем, үйім</b>	<b>-мыз, -міз, -ымыз, -іміз</b> <b>қозыларымыз,</b> <b>үйлеріміз</b>
<b>II</b> (сен, сіз)	<b>-ың, -ің</b> <b>әкең, қозың</b>	<b>-ың, -ің, -ыңыз, -іңіз</b> <b>үйлерің, үйлеріңіз</b>
<b>III</b> (ол, олар)	<b>-сы, -сі, -ы, -і</b> <b>қозысы, үйі</b>	<b>-ы, -і</b> <b>қозылары, үйлері</b>



**Пәні: Қазақ тілі**  
**Сыныбы: 4-сынып**  
**Уақыты:**  
**Сабақтың тақырыбы:**



# ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ




# Күзiреттiлiкке жеткiзетiн сабақтың мақсат-мiндеттерi:

Ақпараттық  
күзiреттiлiк


Комуникатив-  
тiк күзiреттiлiк

Проблеманы  
шешу  
күзiретiлiгi



Сабақтың

типі: Жаңа оқу материалын меңгерту



Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы

• АКТ



Сабақтың әдісі:

• Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрнекілік ,талдау, жинақтау.



Пәнаралық байланыс

• Әдебиеттік оқу, музыка, дене шынықтыру



Оқыту құралдары: .Суреттер, кеспе қағаздар, ереже жазылған плакат.

## *Ұйымдастыру бөлімі*

- Оқушылармен  
амандасу

-Сыншты түгендеу

**Ынтымақтастық атмосферасы**

**Балалар бір-біріне «сиқырлы таяқшаны»  
бере отырып, өздерінің игілікті тілектерін  
айтады:**

**Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!**

**Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!**

**Мен бәріңе Мейірім тілеймін!**

**Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!**

**Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Және т.б.**



## Психологиялық дайындық.

*«Ойыншықты қағып ал, жауабын тез тауып ал!» ойыны*

*Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не ?*

*Неше септік бар ?*

*Тағы қандай жалғаулырды білеміз?*



## ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ






# Мағынаны тану

## “Айналмалы бекеттер” әдісі

Оқулықтағы берілген жаттығуларды орындатту.



1-жаттығу

2-жаттығу

3-жаттығу

5-жаттығу



## Зат есімнің жіктелуі

Жіктік жалғауы адамның кім екенін , кәсібін көрсететін зат есімдерге жалғанады . Мысалы:

мен оқушымын , сен бишісің , сіз мұғалімсіз , ол әнші .

## Зат есімнің жіктелу үлгісі

Жақ	Қосымшалары	
	Жекеше	Көпше
I	-мын, -мін, -бын, -	-мыз, -міз, -быз, -біз, -
II	бін, -пын, -пін	пыз, -піз
III	-сың, -сің, -сыз, -сіз Жалғауы жоқ	-сындар, -сіндер, - сыздар, -сіздер Жалғауы жоқ



## 1-жаттығу

**Берілген сөздерді көшіріп жазып, қай жақта тұрғанын айт.**

Сазгерсің, кітапханашымын, оқушымыз, баламын, жолаушымыз.

Сазгерсің II жақ, кітапханашымын I жақ, оқушымыз I жақ, баламын I жақ, жолаушымыз I жақ.

## 3-жаттығу.

**Өлеңді жатқа жаз. Жіктелген зат есімді тауып, қай жақта тұрғанын айт.**

Досбол бізге мақтана,  
-Қақпашымын мен! – дейді.

-Мен тұрғанда,

Қақпаға

Бірде-бір доп енбейді.

Қолды белге қояық,

Басты оңға бұрайық.

Басты солға бұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біраз сергіп қалайық.

## 2- жаттығу.

**Берілген сөздерді жекеше түрде жіктеп жаз.**

Заңгер, домбырашы, сатушы, дәрігер.

Мыс: I Мен заңгермін

II сен заңгерсің

III ол заңгер

## 5-жаттығу.

**Сөйлемді көшіріп жаз. Зат есімнен болған баяндауыштарды тауып, астын сыз. Қай жақта тұрғанын айт.**

1. Сендер бақытты ұлансыңдар. 2.

Әлібек – талантты әнші. 3. Диас

кітапханаға барды. 4. Біз тату

баламыз. 5. Жақсы оқып жүрмісің?

6. Үлкендерді сыйлаңдар.



**“Тапсырмалар терезесі” әдісін пайдаланып оқушыларға тапсырма беру. (Өз бетінше орындалады).**

**Метаграммаларды көшіріп жазып, шешуін табу. Жіктік жалғаулы зат есімнен болған баяндауышты тауып, астын сызу.**

**Бойында өсем тоғанның,  
Кіргізем дәмін тағамның.**

**(Жуа).**

**Соңыма қоссаң бір әріп,  
Үндемей жүрер адаммын.**

**(Жуас).**

**Сән берер әркімге, көңілге,  
Ұқсаймын көктемгі өңірге.**

**(Мата).**

**Әріпті бастапқы сызса егер,  
Жөн сілтер ұстазбын өмірге.**

**(Ата).**

**Зат есімдерді тиісті**

**жалғауларымен сәйкестендір.**

**ақын -----сiндер**

**студент ----- мiз**

**аспаз ----- быз**

**әншi ----- сындар**

**күйшi ----- пiз**

**Ұста ----- бын**

**бала ----- сың**



## **I топ**

**1 – тапсырма . Зат есімдерді тиісті жалғаулармен сәйкестендір.**

**оқушы - мыз**

**әнші - сыңдар**

**бала - мін**

**дәрігер - міз**

**2- тапсырма . Жұмбақтың шешуін тап.**

**Бірде орақпын,**

**Бірде доппын.**

**Бірде бармын ,**

**Бірде жоқпын.**

**Жіктеулі зат есімдерді тап.**

**3 – тапсырма . Жіктік жалғауға сәйкес келетін келетін зат есімдерді тап.**

**... - МЫН**

**... – ПЫН**

**... - СЫҢ**

**... - СІҢ**

## **II топ тапсырмалары**

**1 – тапсырма . Зат есімдерді тиісті жалғаулармен сәйкестендір.**

**оқушы - мыз**

**әнші - сіңдер**

**биші - мін**

**етікші - міз**

**2- тапсырма . Жіктеулі зат есімнің астын сыз.**

**Мен балғамын , балғамын ,**

**Бар- ау біраз салмағым.**

**Жұмыс берсең болғаны ,**

**Өзім білем қалғанын.**

**3 – тапсырма . Жіктік жалғауға сәйкес келетін келетін зат есімдерді тап.**

**... - МЫН**

**... – ПЫН**

**... - СЫҢ**

**... - СІҢ**



### III- топ тапсырмалары


1- тапсырма . Қобызшы сөзін үш жақта жікте.

Жекеше Көпше

I

II

III




2- тапсырма . Жіктік жалғау жалғанған сөздердің астын сыз.

Мен - озат оқушымын.

Олар – суретшілер.

Сіздер - әншісіздер.



3- тапсырма . Тәуелдеулі зат есімді тап.

Бір қыз кесте тікті,

Кестесін түсте тікті

Кеште тікті.



## **Тест сұрақтары мен тапсырмалары**

**Жіктік жалғауы қандай мүшелерді жалғастырады ?**

- А) тұрлаусыз мүшелерді ;**
- ә) бастауыш пен баяндауышты ;**
- б) бастауыш пен тұрлаусыз мүшені .**

**2. Жіктік жалғаулы сөз сөйлемнің қай мүшесі болады ?**

- А) баяндауыш ;**
- ә) бастауыш кейде баяндауыш ;**
- б) тұрлаусыз мүше .**

**3. –мын , -мін , -бын , -бін , -пын , -пін қосымшалары қай жақтікі ?**

- А) III жақ ;**
- ә) II жақ , көпше түр ;**
- б) I жақ , жекеше түр .**

**4. Жіктік жалғаулы зат есімдерді белгіле .**


- А) анам, әкем , әкемнің ;**
- ә) қарлығашқа , қарлығашым ;**
- б) ұстазбын , балдырғансың , ұстазсыз .**





# Үй тапсырмасы

## Оқулықтағы №4,6 жаттығуды орындау





# Бағалау

Оқушылар алдымен бір бірін бағдаршам әдісі арқылы бағалайды. Содан соң мұғалім барлық оқушыларды бағалайды. Смайликтерді жабыстырады.



Өте жақсы



Жақсы



Орташа



# Кері байланыс



**Сабақта  
меңгергенім**



**Жетілдіруім  
қажет**




**Сабақтың  
жетістігі**




# Машық кезіндегі зерттеу жұмысының нәтижесі

1. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?  
А) 15; В) 25; С) 30; Д) 42.
2. Жіңішке дауысты дыбыстарды көрсет.  
А) р, л, м, н, ң, у, й; В) ә, ү, е, ө, і; С) а, о, ұ, ы; Д) а, ә, ү, ұ, о, ө.
3. Екі буынды сөзді тап  
А) дүйсенбі; В) Өскемен; С) төрт; Д) елу.
4. Бітеу буынды сөзді тап  
А) Әдемі; В) сүт; С) бала; Д) көше.
5. Ұяң дауыссыздарды тап  
А) р, л, м, н, ң, у, й; В) ә, ү, е, ө, і; С) а, о, ұ, ы; Д) б, в, г, ғ, д, ж, з.
6. Мынау қандай дауыссыздар /р, л, м, н, ң, у, й/  
А) қатаң; В) ұяң; С) үнді; Д) жуан.
7. Қай сөзді тасымалдауға болмайды/какие слова нельзя разделить для переноса/  
А) ағаш; В) шырша; С) дүкен; Д) сөйле.
8. Бұл қандай сөздер? /жүзім, үйрек, әтеш, әліпби/ /Эти слова звучат всегда/  
А) жуан; В) буын; С) жіңішке.
9. Көптік жалғауын дұрыс жалға: бала..., дәптер..., сурет... .  
А) –лер, -тер, -тар; В) –лар, -лер, -тер; С) –тар, -тер, -лер; Д) –дар, -дер, -тер.
10. Сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсет: /О книге/  
А) Туралы кітап; В) кітап керек; С) кітапты алды; Д) кітап туралы.
11. Мектепте балалар .... алады.  
А) білім; В) киім; С) оқу; Д) қоңырау.



12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?  
А) ұйғыр тілі; В) орыс тілі; С) қазақ тілі; Д) татар тілі.
13. Бейнелеу өнері сабағында оқушылар ....  
А) секіреді; В) сурет салады; С) ән салады; Д) би билейді.
14. Белгілі күйшінің есімін көрсет. /Имя знаменитого композитора/  
А) Абай; В) Шәкәрім; С) Құрманғазы; Д) Жамбыл.
15. Музыкалық аспапты көрсет.  
А) Қобыз; В) қылқалам; С) бояу; Д) жануар.
16. Балалар белгілі адамдармен ....  
А) жүгіреді; В) кездеседі; С) секіреді; Д) қарайды.
17. /Бесті беске көбейткенде неше болады?/ жауабын көрсет.  
А) бес; В) бір; С) он; Д) жиырма бес.
18. Дұрыс жазылған сөз тіркесін көрсет:  
А) жүз машиналар; В) мөлдір сулар; С) жақсы пәндер; Д) көп қаламдар.
19. Сандардың дұрыс аудармасын көрсет: / 1037, 68, 281/  
А) Бір мың отыз бір, жетпіс сегіз, жүз сексен бір; В) бір мың отыз жеті, алпыс сегіз, екі жүз сексен бір.
20. Берілген уақыттың дұрыс аудармасын көрсет: 09. 10  
А) Сағат тура тоғыз; В) тоғыз жарым; С) тоғызға 10 минут қалды; Д) тоғыздан 10 минут кетті.
21. Нешінші сұрағына жауап беретін сөзді көрсет: /слово ответ. на вопрос какой?/  
А) тоғыз; В) тоқсан тоғыз; С) тоғызыншы; Д) тоғызда.
22. Қазақ тіліне аудар: 1) кисточка, 2) знакомит, 3) растение, 4) вычитание.  
А) 1) азайту, 2) қосу, 3) қылқалам; 4) таныстырады;  
В) 1) қылқалам; 2) таныстырады; 3) өсімдік; 4) азайту;  
С) 1) қылқалам, 2) тең, 3) өсімдік, 4) пән;  
Д) 1) қосу; В) азайту; С) өсімдік; 4) көбейту.





**7 оқушы жақсы деген бағамен, 11 орташа деген бағамен бағаланды.**

**11 оқушы жақсы деген бағамен, 7 орташа деген бағамен бағаланды.**

